

Атырау облысы Білім беру басқармасының
Құрманғазы аудандық білім бөлімінің «Мерей» бөбекжай
балабақшасының Коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны «Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №3

Өткізілген уақыты : 13.03.24

Қатысқандар: «Мерей» бөбекжай балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері:

К ү н т ә р т і б і н д е қ а р а л а т ы н м ә с е л е :

- 1.Топтық бөлмелердің санитарлық жағдайын бақылау,
2. Көгалдандыру жұмыстары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мухтарова Шолпан мен медбеке Теміртасова Райхан ішкі , сыртқы тазалықты бақылап, тексеріп шықты. Тазалық нормаға сай екендігі анықталды.Әр бір дамытушы заттардың , ойыншықтардың уақытымен жуылып тұратынын байқап өттік.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаның шаруашылық меңгерушісімен бірге балабақша аумағын тазалауға арналған құрал - саймандарды түгендеп тексеріп қарады. Көктем мезгілінде қар еріп, балаларға және ата-аналарға балабақшаға келулеріне кедергі келтірмес үшін алдын ала жұмыс жүргізіліп, Осы мәселе бойынша «Балабақша аумағын көркейту, сенбіліктер өткізу жұмыстары» туралы қамқоршылық кеңес мүшелері өз топтарында жиналыста түсіндірме жұмысын жүргізді.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Маткалыкова Дина Тазалық-денсаулық кепілі дегендей балабақшаның ішкі сыртқы тазалығын басты назарда ұстау керектігін атап өтті. Апта сайын бөлмелерде жалпы тазалық күндерін өткізіп тұру керек деген ұсыныс білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Каримов Қуаныш екінші мәселе бойынша өз ойын ортаға салды. Балабақша аумағын көркейту өз қолымызда, көктем мезгілінде «Ағаш отырғызу» акциясын жандандыру қажет.Ауламыздың

айналасы жап -жасыл болса, әдемі көрініс болар еді.Ата-аналармен бірлесіп ауламызды көркейтейік.

Шешім

1. Балабақшамыздың ішкі сыртқы тазалығын басты назарда ұстау медбеке Темиртасова Ж Б -ға тапсырылсын
2. Ауламызды көгалдандыру жұмыстары шаруашылық меңгерушісі Тусупкалиева Н.А –ға сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүшелеріне тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Хатшы:



Ихсанов А.Ш

Хисина Р